Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, қосымша, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру салаларындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес отырысының 2024 жылғы «1» тамыздағы № 3 хаттамасымен бекітілген

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, қосымша, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру салаларының салалық біліктілік шеңберлері

Астана қаласы, 2024 жыл

**Мазмұны**

1. Салалық біліктілік шеңберлерінің паспорты ................................................. 3
2. Жалпы ережелер.................................................................................. 13
3. Ағымдағы жай-күйі.............................................................................. 15
4. Саланы талдау..................................................................................... 21
5. ЭҚЖЖ бойынша кәсіптік қызметтің әрбір түрінің кәсіпорындарында ҰКС бойынша қызметтер мен кәсіптердің негізгі топтарының сипаттамасы және олардың білімі және жұмыс тәжірибесі бойынша тиісті біліктіліктер ............... 24
6. Әзірлеуге ұсынылатын кәсіптік стандарттар тізбесі ....................................... 47
7. СБШ біліктілік деңгейлерінің кестелік форматтағы сипаттамасы..................48

## 1. Салалық біліктілік шеңберлерінің паспорты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, қосымша, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру салаларының салалық біліктілік шеңберлері «Кәсіптік біліктілік туралы» 2023 жылғы 4 шілдедегі № 14-VIII Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 384 бұйрығымен бекітілген Салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) жаңарту қағидаларына сәйкес әзірленді.

Білім беру дегеніміз имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі түсініледі *(«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 23 ақпандағы жағдай бойынша өзгерістері мен толықтыруларымен*)

СБШ 1-кестеде көрсетілген қызмет түрлері бойынша әзірленген және 2-кестеде көрсетілген кәсіптік топтар мен кіші топтарды қамтиды.

1-кесте. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, қосымша, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру салаларына жататын экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) секциялары мен бөлімдері.

| № | ЭҚЖЖ секциясы | ЭҚЖЖ бөлімі | ЭҚЖЖ тобы | ЭҚЖЖ сыныбы | Үлгілік процестер тізбесі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | P Білім беру | 85 | 85.1 Мектепке дейінгі білім беру | 85.10 Мектепке дейінгі білім беру | 85.10.0 Мектепке дейінгі білім беру |
| 2 | | | 85.2 Бастауыш білім беру (1-деңгей) | 85.20 Бастауыш білім беру (1-деңгей) | 85.20.0 Бастауыш білім беру (1-деңгей) |
| 3 | | | 85.3 Орта білім беру (2 және 3-деңгейлер) | 85.31 Негізгі және жалпы орта білім беру | 85.31.0 Негізгі және жалпы орта білім беру |
| 4 | | | | 85.32 Техникалық және кәсіптік орта білім беру | 85.32.1 Кәсіптік-техникалық білім беру |
| 5 | | | | | 85.32.2 Арнайы орта білім беру |
| | | | 85.4 Жоғары білім (5-деңгей) | 85.41 Орта білімнен кейінгі білім беру | 85.41.0 Орта білімнен кейінгі білім беру |
| 6 | | | 85.5 Білім | 85.51 Спорт және | 85.51.0 Спорт және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | берудің өзге түрлері | демалыс саласындағы білім | демалыс саласындағы білім |
| 7 | | | | 85.52 Мәдениет саласындағы білім | 85.52.0 Мәдениет саласындағы білім |
| 8 | | | | 85.53 Көлік жүргізушілерін даярлау мектептерінің қызметі | 85.53.0 Көлік жүргізушілерін даярлау мектептерінің қызметі |
| 9 | | | | 85.59 Басқа топтарға енгізілмеген білімнің өзге түрлері | 85.59.1 Жалпы білім беретін кешкі мектептердің қызметі |
| 10 | | | | | 85.59.2 Ұлттық компаниялар мен олардың еншілес ұйымдары ұсынатын білім түрлері |
| 11 | | | | | 85.59.9 Басқа топтарға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге де қызмет |
| 12 | | | 85.6 Білім беру саласындағы қосалқы қызмет | 85.6 Білім беру саласындағы қосалқы қызмет | 85.60.1 Ұлттық компаниялар мен олардың еншілес ұйымдары көрсететін білім беру саласындағы қосалқы қызмет |
| 13 | | | | | 85.60.9 Білім беру саласындағы өзге де қосалқы қызмет |

85.10 Мектепке дейінгі (бастауышқа дейінгі) білім беру

Бұл деңгей мектепке дейінгі білім беруді қамтиды. Мектепке дейінгі білім беру негізінен ең кішкентай балаларды қоршаған әлеммен таныстыру үшін жасалған, ұйымдастырылатын нұсқаулардың бастапқы кезеңі ретінде анықталады.

85.20 Бастауыш білім беру

Бұл деңгей адам іс-әрекетінің басқа, оның ішінде жаратылыстану, өнер және музыка сияқты салаларын жалпы түсінумен қатар, оқу, жазу және математиканы оқып-үйренудің негізгі нәтижелерін одан әрі жүйелі қалыптастыруға ықпал ететін негізгі оқу пәндері бойынша бастауыш білім

беруді қамтиды.

85.31 Негізгі және жалпы орта білім беру

Бұл деңгей адамның өмір бойы оқуы мен дамуы үшін негізге/іргетасқа айналатын және болашақта білім беруді жалғастыруға мүмкіндік беретін білім беруді қамтиды.

85.32 Техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) алдағы қызметке сәйкес келетін теориялық негіздер мен практикалық дағдыларды кәсіби мамандандыруға және оқытуға негізделеді.

85.41 Орта білімнен кейінгі білім беру оқушылардың орта білім базасында оқу тәжірибесіне, еңбек нарығына шығуға және алдағы «үшінші» білім алуға дайындықты қамтиды.

85.5 Білімнің өзге түрлері білімнің, дағдылар мен құзыреттердің қосымша көлемін алу үшін, сондай-ақ қайта даярлау және біліктілігін арттыру, не жаңа кәсіпті игеру немесе өзін-өзі дамыту мақсатында өмір бойы (қосымша және формалды емес) білім алуды жалғастыру жатады. Оның ішінде:

- қандай да бір деңгеймен анықталмайтын білім;
- компьютерлік сауаттылықты оқып-үйрену;
- діни оқу және т. б.

85.6 Қосалқы білім беру қызметтері білім беру процесін немесе оқыту (өзін-өзі оқыту)жүйесін қолдайтын қызметтерді:

- білім беру консультацияларын;
- білім беру бағыттарын таңдау бойынша консультацияларды;
- алдағы жұмысқа орналасу бойынша консультацияларды;
- тесттер мен бағалау материалдарын әзірлеу және сараптау жөніндегі қызметтерді;
- білім беру тестілеуін;
- академиялық саладағы сараптамалық қызметті;
- техникалық реттеу жүйесіндегі сараптамалық қызметті;
- білім беру мониторингін;
- студенттермен алмасу бағдарламаларын ұйымдастыруды (ұтқырлық) ұсынуды қамтиды.

2-кесте. Ұлттық кәсіптік жіктеуші (бұдан әрі - ҰКЖ) бойынша кәсіптік топтар мен кіші топтар

| № | Шағын топ | Бастауыш топ | Кәсіптер тобы | Кіші топтар (топта кәсіптер толық пайдаланылмаған жағдайда) |
|---|---|---|---|---|
| **1** | 121 Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорында | 1210 Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші | 1210-0 Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары | 1210-0-026 Оқу (оқу-жаттығу) орталығының директоры (бастығы)<br>1210-0-053 Училище (колледж) директоры |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | рдың бірінші басшылары | басшылары | | |
| **2** | 134 Кәсіптік, қаржылық, қоғамдық және әлеуметтік қызметтер жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) | 1341 Балаларға қарау және күту жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) | 1341-0 Балаларға қарау және күту жөніндегі мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) | 1341-0-001 Балалар (балалар демалысы, балалар шығармашылығы) үйінің директоры (меңгерушісі) 1341-0-002 балалар үйінің директоры (меңгерушісі) 1341-0-003 интернат директоры (меңгерушісі) 1341-0-004 балалар үйінің директоры 1341-0-007 балабақша меңгерушісі 1341-0-008 Балабақша (балабақша, бөбекжай) меңгерушісі |
| **3** | | 1345 Білім беру саласындағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) | 1345-0 Білім беру саласындағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) | 1345-0-002 Мектептен тыс қосымша білім беру ұйымының директоры (меңгерушісі) 1345-0-005 кабинет (әдістемелік, оқу-әдістемелік) директоры 1345-0-007 мектеп (гимназия және лицей) директоры 1345-0-019 бөлім басшысы (білім беруде) |
| **4** | 233 Колледждер мен басқа да техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері* (1) | 2331 Білім беру саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | 2331-0 Білім беру саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | |
| **5** | | 2332 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | 2332-1 Гуманитарлық ғылымдар (тіл пәндерінен басқа) саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* 2332-2 Тіл пәндері саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | |
| **6** | | 2333 Құқық саласындағы колледждер | 2333-0 Құқық саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | ұйымдарының педагогтері* | |
| **7** | | 2334 Өнер саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | 2334-0 Өнер саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | |
| **8** | | 2335 Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | 2335-1 Әлеуметтік ғылымдар саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері*<br>2335-2 Экономика және бизнес саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | |
| **9** | | 2336 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | 2336-1 Биология және аралас ғылымдар саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері*<br><br>2336-2 Қоршаған орта саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері*<br>2336-3 Физика ғылымдары саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері*<br>2336-4 Математика және статистика саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының инженер-педагог жұмыскерлері* | |
| **10** | | 2337 Ақпараттық-коммуникация | 2337-0 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | лық технологиялар саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | |
| **11** | | 2338 Техникалық ғылымдар мен технологиялар саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | 2338-1 Инженерия және инженерлік іс саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері*<br><br>2338-2 Өндірістік салалар мен өндеуші салаларындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері*<br><br>2338-3 Сәулет және құрылыс саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | |
| **12** | 234 Техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарын ың педагогтері* (2) | 2341 Ауыл шаруашылығы ғылымдары саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | 2341-1 Ауыл шаруашылығы саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері*<br><br>2341-2 Орман шаруашылығы саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері*<br><br>2341-3 Балық шаруашылығы саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | |
| **13** | | 2342 Ветеринария | 2342-0 Ветеринария саласындағы колледждер | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | |
| **14** | | 2343 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | 2343-1 Денсаулық сақтау саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері*<br><br>2343-2 Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының инженер-педагог жұмыскерлері | |
| **15** | | 2344 Қызмет көрсету саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | 2344-1 Қызмет көрсету саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері*<br>2344-2 Өндірісте еңбек гигиенасы мен еңбекті қорғау саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері*<br><br>2344-3 Көлік қызметтері саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының инженер-педагог жұмыскерлері | |
| **16** | | 2345 Әскери іс және қауіпсіздік саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | 2345-0 Әскери іс және қауіпсіздік саласындағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері* | |
| **17** | | 2349 Басқа салалардағы колледждер мен басқа да ТжКБ | 2349-0 Басқа салалардағы колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері*<br>басқа топтарға | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ұйымдарының педагогтері* | енгізілмеген | |
| **18** | 235 Мектеп педагогі | 2350 Орта мектеп педагогтері | 2350-1 Орта мектептің жаратылыстану ғылымдары бойынша педагогтері<br><br>2350-2 Орта мектептің математика ғылымдары бойынша педагогтері<br>2350-3 Орта мектептің қоғамдық ғылымдар бойынша педагогтері<br>2350-4 Орта мектептің техникалық ғылымдар бойынша педагогтері<br>2350-9 Орта мектеп педагогтері, басқа топтарға енгізілмеген | |
| **19** | | 2351* Бастауыш мектеп педагогтері | 2351-0* Бастауыш мектеп педагогтері | |
| **20** | 236 * Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер | 2362 Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер | 2362-0 Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер | |
| **21** | 237 Білім беру саласындағы басқа да кәсіпқой мамандар | 2371 Оқыту әдістемесі бойынша кәсіпқой мамандар | 2371-1 Оқыту әдістемесі бойынша кәсіпқой мамандар (жалпы бейін)<br>2371-2 Жалпы білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу бойынша кәсіпқой мамандар<br>2371-3 Кәсіптік бағдарламалар мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу бойынша кәсіпқой мамандар<br>2371-4 Жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқу жетістіктерін бағалау кәсіпқой мамандары<br>2371-5 Кәсіптік бағдарламалар бойынша оқу жетістіктерін бағалау кәсіпқой мамандары<br>2371-6 Жалпы білім беру | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | бағдарламалары бойынша әдіскерлер<br>2371-7 Кәсіптік бағдарламалар бойынша әдіскерлер<br>2371-8 Техникалық оқыту құралдары бойынша кәсіпқой мамандар<br>2371-9 Оқыту әдістемесі бойынша басқа да кәсіпқой мамандар, басқа топтарға енгізілмеген | |
| **22** | | 2372 Теология, дін және дінтану педагогтері* | 2372-0 Теология, дін және дінтану педагогтері | |
| **23** | | 2373 Қосымша білім беру педагогтері* | 2373-1 Шет тілдер педагогтері*<br>2373-2 Өнер және кәсіпшілік педагогтері*<br>2373-3 Ақпараттық технологиялар педагогтері*<br>2373-4 Музыка педагогтері*<br>2373-5 Би педагогтері*<br>2373-6 Сөз және актерлік шеберлік педагогтері*<br>2373-9 Қосымша білім берудің басқа да педагогтері*, басқа топтарға енгізілмеген | |
| **24** | | 2374 Арнайы білім беру саласындағы педагогтер* | 2374-1 Көзі нашар көретіндер мен зағиптар үшін педагогтер*<br>2374-2 Нашар еститіндер мен кереҥ-мылқаулар үшін педагогтер*<br>2374-3 Ақыл-ойының дамуы бұзылған адамдармен жұмыс істейтін педагогтер*<br>2374-9 Арнайы білім беру саласындағы басқа да педагогтер*, басқа топтарға енгізілмеген | |
| **25** | | 2375 Қысқа мерзімді даярлық (тренингтер), | 2375-0 Қысқа мерзімді даярлық (тренингтер), қайта даярлау және біліктілікті арттыру | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | қайта даярлау және біліктілікті арттыру бойынша кәсіпқой мамандар | бойынша кәсіпқой мамандар | |
| **26** | | 2379 Білім беру саласындағы кәсіпқой мамандар, басқа топтарға енгізілмеген | 2379-1 Кәсіби бағдар беруші кәсіпқой мамандар<br><br>2379-9 Білім беру саласындағы басқа да кәсіпқой мамандар, басқа топтарға енгізілмеген | 2379-9-007 Білім беру ұйымының әлеуметтік педагогі |
| **27** | 263 Гуманитарлық сала және дін бойынша кәсіпқой мамандар | 2634 Психологтар | 2634-1 Клиникалық, консультация беретін және мектеп психологтары | 2634-1-008 Мектеп психологы |
| **28** | 342 Спорт, дене шынықтыру және фитнес саласындағы жұмыскерлер | 3422 Білім беру ұйымдарын қоса алғанда, спорт жаттықтырушылары, инструкторлар және спорт қызметшілері, | 3422-1 Спорт жаттықтырушылары және оқытушылар | 3422-1-006 Дене шынықтыру педагогі*<br>3422-1-010 Спорт жаттықтырушы-оқытушысы<br>3422-1-012 Түзетуші дене шынықтыру педагогі*<br>3422-1-013 Жүзу, дене шынықтыру педагогі*<br>3422-1-014 Дене шынықтыру және спорт педагогі* |
| **29** | 531 Бала күтімімен айналысатын жұмыскерлер және педагогтер көмекшілері | 5311 Бала күтімімен айналысатын және ұқсас кәсіптердің жұмыскерлері | 5311-2-001 Бөбекжайдағы күтуші<br>5311-2-002 Тәрбиеші көмекшісі | |
| **30** | | 5312 Педагогтер көмекшілері | 5312-0 Педагогтер көмекшілері | |

* Осы жерде және әрі қарай мәтін бойынша ҰКС-ның жаңа редакциядағы тұжырымдары пайдаланылады.

## 2. Жалпы ережелер

Сала миссиясы: сапалы білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту

Пайымы: елдің бәсекеге қабілеттілігі мен орнықты дамуын қамтамасыз ететін сапалы және қолжетімді білім беру.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидаттары:

1) сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі;

2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы;

3) әрбір адамның интеллектуалды дамуын, психологиялық-физиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін барлық деңгейдегі білім берудің қолжетімділігі;

4) білім берудің зайырлы, ізгілік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, тұлғаның еркін дамуының басымдығы;

5) адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;

6) жеке тұлғаның білімді болуын ынталандыру және дарындылықты дамыту;

7) білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін процестің үздіксіздігі;

8) оқыту, тәрбиелеу және дамыту бірлігі;

9) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы;

10) меншік нысандары, оқыту және тәрбиелеу нысандары, білім беру бағыттары бойынша білім беру ұйымдарының әртүрлілігі.

СБШ мақсаты – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасын, экономиканы дамыту перспективаларын, басымдықтарын және білім беру стратегиясын ескере отырып, Ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – ҰБШ) негізінде қолданыстағы біліктіліктерге қойылатын талаптарды тұжырымдау, сондай-ақ салааралық құзыреттер мен сабақтас кәсіп түрлерін (біліктіліктерді) көрсете отырып, біліктілік деңгейлері бойынша кәсіптерді карталарға бөлу.

СБШ білім беру процесінің мақсаттарын, міндеттерін, білім беру саласындағы қызмет түрлерін ескере отырып, оқыту деңгейлері мен білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, ҰБШ жұмыскерлерінің құзыреттеріне қойылатын талаптарды нақтылайды.

«Білім беру» саласының СБШ мынадай:

- саланың негізгі өнімін анықтау – білім беру қызметтерін көрсету;
- сала шекараларын айқындау – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы, сондай-ақ қосымша білім беру

ұйымдарындағы білім беру саласы;

− оқыту деңгейлері мен білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, еңбекті бөлу жүйесін анықтау;

− саланың өзара байланысты кәсіптік топтарын және/немесе кіші топтарын өмір сүру перспективалары мен өзгергіштігін ескере отырып, оның ішінде оқытудың инновациялық және дәстүрлі технологияларын пайдалана отырып айқындау;

− білім беру саласындағы практикалық тәжірибені ескере отырып, біліктіліктің бір деңгейінен басқасына өту кезінде біліктілікті дамыту траекторияларының сабақтастығы;

− СБШ талаптарының білім беру саласының кәсіптік топтарына және/немесе кіші топтарына қолданылуы;

− біліктілік деңгейлері иерархиясының еңбек бөлінісінің құрылымына және Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне сәйкестігі;

− білім беру саласындағы кәсіптік қызметтің және экономикалық орындылығының параметрлері арқылы СБШ біліктілігінің деңгейлерін (кіші деңгейлерін) сипаттау;

− саланың функционалдық карталарын жасау арқылы білім беру саласына функционалдық талдау жүргізу қағидаттары ескеріле отырып әзірленген.

Саланың (аяның) кәсіптік қызметі жүзеге асырылатын негізгі нормативтік актілер:

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;

2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319–III Қазақстан Республикасының Заңы;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Қазақстан Республикасының Заңы;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасының Заңы;

«Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Қазақстан Республикасының Заңы;

«Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023

жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы;

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;

«Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 123 бұйрығы;

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы

Барлық нормативтік актіні Салалық біліктілік шеңберіне өзгерістер енгізу сәтінде өзгерістерімен және толықтыруларымен қарау қажет.

## 3. Ағымдағы жай-күйі

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы) білім беру ұйымдары қызметінің негізгі көрсеткіштері 7 бағыт бойынша, оның ішінде саланың ағымдағы жай-күйі көрсетілген.

Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту

Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты әрбір бала өмірінің сәтті бастамасы ретінде сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға (бұдан әрі – МТО) тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

МТО-ны қамтамасыз етудің құқықтық негіздері мен мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған, оған сәйкес білім беру жүйесінің бірінші деңгейі отбасында немесе 1 жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымда жүзеге асырылады.

МТО-ны дамытудың басым бағыты қазақ тілінде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту болып табылады. 2020 жылы 665169 бала қазақ тіліндегі тәрбие процесімен қамтылды. Қазақ тілінде тәрбие беретін және оқытатын ең көп мектепке дейінгі ұйымдар (400 бірліктен астам) Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарының үлесінде. Жалпы республика бойынша осындай мектепке дейінгі ұйымдардың 65 %-ы жұмыс істеді. 2022 жылдың соңында қазақ тілінде тәрбие беретін және оқытатын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісі артып, 66,9 %-ды құрады. Ал олардың контингенті 742832 балаға артты. Қазақ тілінде тәрбие беретін және оқытатын ең көп мектепке

дейінгі ұйымдары бар өңірлердің қатарына Атырау және Маңғыстау облыстары, Шымкент қаласы қосылды.

МТО-ға мемлекеттік білім беру тапсырысы меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына, түрлеріне қарамастан білім беру ұйымдарында орналастырылады. 2020 – 2023 жылдар кезеңінде бір тәрбиеленушіге жан басына шаққандағы норматив 34-тен 46 мың теңгеге дейін өсті, бұл ретте ерекше білім беруді қажет ететін (бұдан әрі – ЕБҚ) балаға жан басына шаққандағы норматив 2 есе жоғары. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (бұдан әрі – ПМПК) деректері бойынша мектепке дейінгі жастағы 47 мыңнан астам ЕБҚ бала бар, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының арнайы балабақшалары мен арнайы топтарына 9709 бала, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жалпы білім беру топтарына 16305 бала барады. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті ортада ЕБҚ балаларды психология-педагогикалық қолдауды толық қамтамасыз ету үшін арнайы педагогтер (педагог-дефектолог, дефектолог, педагог -логопед, логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), педагог-психологтар, педагог-ассистенттер жеткіліксіз.

Сонымен қатар мектепке дейінгі білім беруде мынадай проблемаларды шешу қажет етіледі:

- 3-6 жастағы балалар үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жоғары қолжетімділігіне қарамастан, 2-3 жастағы балалар үшін бұл қажеттілік қанағаттандырылмаған, бұл балалардың ерте даму мүмкіндіктерін қысқартады және аналардың еңбек қызметіне тартылуына кедергі келтіреді;
- халық тығыз қоныстанған жерлерде, көші-қон ағыны мен туу деңгейі жоғары өңірлерде мектепке дейінгі ұйымдар жеткіліксіз;
- мектепке дейінгі ұйымдардағы орындарға сұраныс МТО-ның жаңа объектілерін іске қосу қарқынынан асып түсуде;
- 2020 және 2021 жылдары бала туу өсіміне байланысты 2023 – 2029 жылдар кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдарда кезектің ұлғаюы болжануда;
- мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеу үшін сапалы дамытушы контент жеткіліксіз;
- мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларды тәрбиелеу және оқыту процесіне ата-аналар төмен деңгейде тартылған;
- мектепке дейінгі ұйымдардың инфрақұрылымы мен білім беру ортасы балалардың даралығы мен ерекшеліктерін толық қолдауды қанағаттандырмайды.

Орта білім беру.

Орта білім беру ұйымдарының желісі 2022 – 2023 оқу жылында 3,7 млн білім алушыны қамтитын 7687 мектепті, оның ішінде 170146 білім алушыны қамтитын 552 жекеменшік мектепті құрады.

Орта білім беру сапасын арттыру мақсатында оқулықтардың сапасына қойылатын талаптарды күшейту бойынша нормативтер қабылданды.

Оқулықтарға сараптаманы курстардан өткен тәуелсіз мамандар (2000 сыртқы сарапшы) жүргізеді. Оқулықтарды әзірлеу үшін авторлар мен баспалардың жауапкершілігі күшейтілді. Егер оқулықтарда қателер табылса, баспалар барлық шығындарды өз қаражаты есебінен өтейді.

Сапалы зерделеу үшін жаратылыстану-математикалық бағыттағы (бұдан әрі – ЖМБ) пәндерді оқытудың қарқындылығы күшейтілуде. Мысалы, 2022 – 2023 оқу жылында ЖМБ пәндері бойынша сағаттар келесідей ұлғайтылды: «Жаратылыстану» – 3, 4, 5, 6-сыныптарда 1 сағатқа; «Физика», «Химия», «Биология» – 7, 8, 9-сыныптарда 1 сағатқа; «Алгебра және анализ бастамалары» – 10 – 11-сыныптарда 1 сағатқа ұлғайтылды.

Сонымен қатар орта білім беру саласында мынадай проблемаларды шешу қажет етіледі:

- 21 ғасырдағы білім алушыларға қажетті білім, дағдылар, тәсілдер мен құндылықтарды айқындайтын білім беру мазмұнын жетілдіру қажет;
- ауылдық жерлердегі мектептердің ақпараттық-технологиялық, материалдық инфрақұрылымы нашар дамыған, бұл қалалық білім алушылармен салыстырғанда ауылдық білім алушылардың мүмкіндіктерін шектейді;
- білім беру ұйымдары арасында персоналды басқару және жан басына шаққандағы қаржыландыруды ұтымды қолдану бойынша табысты даму стратегиялары тәжірибесі жеткілікті таратылмауда;
- ауылдық жерлерден келген білім алушылар, сондай-ақ ЕБҚ балалар олимпиадалық қозғалыспен төмен қамтылған;
- дарынды балаларды қолдау жүйесі жеткіліксіз дамыған;
- қалалық және ауылдық білім алушылар арасындағы білім сапасындағы алшақтық сақталуда;
- ЕБҚ балалар арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен нашар қамтылуда.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімге (бұдан әрі – ТжКОБ) қолжетімділікті 2022 – 2023 оқу жылында 772 ТжКОБ ұйымы, оның ішінде 446 мемлекеттік, 326 жекеменшік ұйым қамтамасыз етеді. ТжКОБ ұйымдарының жалпы контингенті 517,3 мың адамды құрайды (2020 жыл – 475,9 мың адам, 2021 жыл – 488,9 мың адам), оның жартысынан көбі – 312 мың адам мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алады (2020 жыл – 288,2 мың адам, 2021 жыл – 289,4 мың адам).

ТжКОБ ұйымдарына қабылдаудың жыл сайынғы өсімі мектеп білім алушылары мен олардың ата-аналарының осы білімді алудың тартымдылығы туралы түсініктерінің өзгергенін көрсетеді. Осылайша, 2022 жылы ТжКБ ұйымдарына 183 мың адам қабылданды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 25 мың адамға артық (2020 жыл – 158,3 мың адам, 2021 жыл – 158,5 мың адам).

ТжКОБ ұйымдарына оқуға түсу кезінде квоталар тізімін кеңейту арқылы әлеуметтік жағынан осал жастарға көрсетілетін қолдау күшейтілді. Бұрыннан бар 6 квоталық санатқа мынадай қосымша санаттар енгізілді: көпбалалы

отбасылардан шыққан балалар үшін – 5 %, толық емес отбасылардан шыққан балалар үшін – 1 %, бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар үшін – 1 %.

Сонымен қатар ТжКОБ-да мынадай проблемаларды шешу қажет етіледі:

- ЕБҚ білім алушылардың ТжКОБ-ға төмен деңгейде тартылуы, оның себептерінің бірі ұйымның өзі мен педагогтерінің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайын еместігі, сондай-ақ кадр құрамының жеткіліксіздігі;

- NEET *(Not in Education, Employment or Training*) жастарының ТжКОБ ұйымдарымен төмен қамтылуы;

- еңбек нарығының сұранысына сәйкес ТжКОБ ұйымдарын бейіндеу тетіктерін жетілдіру қажеттілігі;

- ТжКОБ ұйымдарының білім алушыларының функционалдық сауаттылығының төмен деңгейі;

- түлектер дағдыларының заманауи өндірістік талаптарға сәйкес келмеуі;

- ТжКОБ-ның жан басына шаққандағы қаржыландырудың төмен нормативі;

- ТжКОБ ұйымдарының әлсіз материалдық-техникалық базасы;

- өзге қалалардан келген студенттердің жатақханалардағы орындармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;

- ТжКОБ ұйымдары мен экономиканың нақты секторы, бизнес және қызмет көрсету секторы арасындағы әлсіз байланыс;

- халықты ТжКОБ жүйесінің қарқынды дамуы жөнінде ақпараттандыру қажеттілігі.

Қосымша білім беру.

Республикада қосымша біліммен мектеп жасындағы 2461775 (70,5 %) бала қамтылған. Бұл ретте қосымша білім беруге тартылған балалардың жартысынан көбі мектеп үйірмелері мен секцияларына тиесілі.

Мектептен тыс ұйымдарға (1523 бірлік) оқушылардың 29,4%-ы – 1058718 бала (қалада – 645336, ауылда - 413382) барады. Балаларды қосымша білім берумен қамтудың өңірлік саралануы байқалады. Республикада балаларды қосымша біліммен қамтудың орташа мәні Батыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында 2 есе артық. Елімізде халық тығыз орналасқан өңірлер: Алматы, Түркістан, Ақмола облыстары, сондай-ақ Ұлттық білім беру деректер қорында (бұдан әрі – ҰБДБ) көрсетілмеген мемлекеттік емес қосымша білім беру объектілерінің желісі кеңінен тараған Астана, Алматы және Шымкент қалаларында орташа көрсеткіш төмен.

Бүгінгі таңда мектептер базасында балалардың қызығушылығы бойынша үйірмелер мен секциялар желісін дамыту арқылы қосымша білім беру жүзеге асырылуда. Мысалы, Алматы қаласының (60,7%), Қызылорда (58,1 %) және Павлодар (52,1 %) облыстарының мектептерінде балаларды мектеп үйірмелерімен және секциялармен қамтудың жоғары пайызы байқалады. 2021

жылдан бастап жергілікті атқарушы органдардың балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы нормасы заңнамалық түрде бекітілді.

Алматы, Атырау, Түркістан, Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды және Қостанай облыстарында қосымша білім беру ұйымдарының саны өсті.

Соңғы үш жылда Талдықорған және Петропавл қалаларында оқушылар сарайлары, Атырау, Маңғыстау және Қарағанды облыстарында жас туристер станциялары ашылды. Атырау, Түркістан, Көкшетау, Қарағанды қалаларында оқушылар сарайлары салынды, Түркістан облысында балалар музыка мектебі, Өскемен қаласында «SMART» креативті білім беру орталығы, Шымкент қаласында өнер мектебі ашылды.

Бұдан басқа, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың (бұдан әрі – ЕБҚ) арасынан қосымша біліммен 12172 бала қамтылды, бұл мектептен тыс ұйымдарға баратын балалардың жалпы үлесінің 1,2%-ы ғана. Мектептен тыс ұйымдарда ЕБҚ балаларды қамту тиісті жағдайлардың болмауына байланысты төмен екенін атап өту керек. Қосымша білім беру құрылымында техникалық және жаратылыстану-ғылыми бағыттағы бағдарламалармен салыстырғанда музыкалық, көркемдік, спорттық бағыттағы бағдарламалар басым.

<u>Арнайы білім беру.</u>

Инклюзивті практиканы дамытудың маңызды кезеңі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау болды. Заңда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру жөніндегі норма қабылданды.

2024 жылдың басында ЕБҚ балалардың саны 203 мың баланы құрады (2023 жылдың басында – 188 мың), оның ішінде мектеп жасындағы – 137434 бала. Мұндай балалар санының жыл сайын өсуі орташа есеппен 8 %-ды құрайды (2021 жыл – 175 мың бала, 2022 жыл – 188 мың бала, 2023 жыл – 203 мың бала).

2024 жылдың басында елімізде 99 арнайы мектеп, сондай-ақ 216 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті (бұдан әрі – ППТК), 13 оңалту орталығы, 10 аутизм орталығы жұмыс істеді. Сондай-ақ мектептерде 1000-нан астам инклюзияны қолдау кабинеті жұмыс істейді. Арнайы ұйымдарда арнайы оқу бағдарламалары бойынша мүмкіндігі шектеулі 52700 бала оқыды.

Сонымен қатар, инклюзивті ортада ЕБҚ балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді толыққанды қамтамасыз ету үшін ұйымдарда арнайы педагогтер (тифлопедагогтер, сурдопедагогтер, логопедтер, олигофренопедагогтер, эргопедагогтер, аутизм спектрі (АСБ), тірек-қимыл аппараты (ТҚАБ) бұзылған, психикалық дамуы кешеуілдеген (ПДК) балалармен жұмыс жасау бойынша педагогтер) және оқытуда қиындықтар

туындататын балалармен жұмыс істеу, ерте қолдау педагогтері), педагог-психологтар, педагог-ассистенттер жеткіліксіз.

Салаға өндірістік процестер бөлінісінде талдау жүргізу кезінде 3-кестеде көрсетілген негізгі топтар атап өтілді.

3-кесте. Бес бөлім бойынша ҰКС және ЭҚЖЖ бойынша кәсіптік қызмет түрінің және кәсіптік қызмет түрінің басқа кәсіптік қызмет түрлерімен өзара байланысының сипаттамасы

| ҰБШ деңгейлері мен біліктіліктері | ЭҚЖЖ – Р85 Білім беру (Р85.4 Жоғары білім 6-8 білім беру деңгейлерін қоспағанда) | | |
|---|---|---|---|
| 7-8 | 1-бөлім. Басқару процестері.<br>Ұйымды жалпы басқару, негізгі өндірісті басқару, инициализация және жоспарлау, персоналды басқару.<br>1210-0 Мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың бірінші басшылары<br>1341 Балаларды қарау және күту бойынша мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)<br>1345 Білім беру саласындағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары) | | |
| 4-7 | 3-бөлім. Өндірістік процесті дайындау.<br>Оқу, оқу-тәрбие, оқу-өндірістік процестерді жоспарлау және ұйымдастыру, кәсіптік бағдар беру жұмысы<br><br>2371 Оқыту әдістемесі бойынша кәсіпқой мамандар | 2-бөлім. Негізгі өндірістік процестер.<br>Оқу, оқу-тәрбие, оқу-өндірістік процестерді жүргізу.<br><br>2331-2349 Колледждер мен басқа да ТжКБ ұйымдарының педагогтері (салалар бойынша)<br>2350 * Орта мектеп педагогтері<br>2351 * Бастауыш сынып педагогтері<br>2362 Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиешілер<br>2373 * Қосымша білім беру педагогтері | 4-бөлім.<br>Өндірістен кейінгі процестер.<br>Оқу, оқу-тәрбие, оқу-өндірістік процестерді мониторингтеу және талдау.<br><br>1345 Білім беру саласындағы мамандандырылған бөлімшелердің басшылары (басқарушылары)<br>2371 Оқыту әдістемесі бойынша кәсіпқой мамандар |
| 2-7 | 5-бөлім. Қосалқы процестер<br>Жеке-дара мониторингтік және түзету жұмыстары, оқу-тәрбие, оқу-өндірістік процестерді психологиялық-педагогикалық және/немесе арнайы сүйемелдеу, сабақты/кәсіпті/іс-шараны ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсету.<br>Курстық және тренингтік оқыту<br>2374 * Арнайы білім беру саласындағы педагогтер<br>2375 Қысқа мерзімді даярлық (тренингтер), қайта даярлау және біліктілікті арттыру бойынша кәсіпқой мамандар | | |

| | |
|---|---|
| | 2379 Білім беру саласындағы кәсіпқой мамандар, басқа топтарға енгізілмеген<br>2634 Психологтар<br>5311 Бала күтімімен айналысатын және ұқсас кәсіптер бойынша жұмыскерлер<br>5312 Педагог көмекшілері* |

## 4. Саланы талдау

«Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес Қазақстанда тегін орта білім алуға, сондай-ақ, егер азамат осы деңгейдегі білімді алғаш рет алса, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік білім алуға, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға кепілдік беріледі.

Білімді де білікті кадрларсыз білім беру жүйесін дамыту мүмкін емес. 2019 жылы қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы соңғы үш жылда педагогтерге қолайлы жағдай жасау және олардың кәсіби тұрғыда өсуін ынталандыру бойынша жүйелі шаралар кешенін іске асыруға мүмкіндік берді.

2022 – 2023 оқу жылында мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында – 556896, оның ішінде ауылдық жерде 268307 педагог жұмыс істейді (2020 – 2021 оқу жылы – 502976, 2021 – 2022 оқу жылы – 521112).

2022 – 2023 оқу жылында педагогтерге қажеттілік 3550 адамды құрады, оның ішінде ауылдық жерлерде – 1847. 2020 жылы педагогтар қатарын 9220 жас маман толықтырды, 2021 жылы – 11846 адам, 2022 жылы – 5735 адам. Жаңадан бастаушылар мен жас мұғалімдерге жағдай жасауға ерекше назар аударылады. Осылайша, тәлімгерлік институтын дамыту тетіктері қарастырылған. Дарынды жастарды тарту және педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламаларына үміткерлерді сапалы іріктеуді жүзеге асыру үшін 2021 жылдан бастап талапкерлердің оқуға түсуі үшін ұлттық бірыңғай тестілеудің шекті балы 50-ден 75 балға дейін ұлғайтылды. Соңғы жылдары педагогикалық мамандықтарға оқуға түскен "Алтын белгі" төсбелгісін алған мектеп түлектерінің саны екі есеге артты.

ТжКБ жүйесінде педагогтердің жалпы санынан 37,6 %-ын арнайы пәндердің, 22 %-ын жалпы білім беретін пәндердің педагогтері, 12,4 %-ын өндірістік оқыту шеберлері құрайды. Колледждерде педагогтердің 8,5 %-ы – 25 жасқа дейінгі жас педагогтер. Арнайы пәндер бойынша педагогтерге және өндірістік оқыту шеберлеріне жұмысқа орналасу сәтінде кемінде соңғы бес жыл жұмыс өтілі болған кезде лауазымдық жалақысының 30 %-ы қосымша ақы төленетін «педагог-модератор» біліктілік санаты; жұмысқа орналасу сәтінде соңғы он жылдан астам жұмыс өтілі болса, лауазымдық жалақысының 35 %-ы қосымша ақы төленетін «педагог-сарапшы» біліктілік санаты беріледі.

ЭЫДҰ-ның TALIS зерттеуі (2018 жыл) мектептердегі мұғалімдердің,

мектеп директорларының және білім беру ортасының ауқымды халықаралық зерттеуі қазақстандық педагогтерді оқыту үшін АКТ-дағдыларын дамыту бойынша біліктілікті арттыру курстарына (90 %), оқытылатын пәннің әдістемесіне (90 %) және білім алушыларды бағалау нәтижелерін талдауға (89 %) қатысуының жоғары үлесін көрсетті. TALIS-2018-де жас педагогтердің 17 %-ы ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеу бойынша оқытудың жоғары қажеттілігі туралы хабарлады, мектеп директорларының 61 %-ы педагогтер балалардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандырмайтынын көрсетті (ЭЫДҰ – 30 %).

ЮНИСЕФ анықтаған мектепке дейінгі білім берудің тиісті деңгейде дамуына қажетті 10 стандартының бірі – педагогтердің кемінде 50 %-ының білім беру және оқыту саласында жоғары білімінің болуы. Сонымен қатар МТО педагогтерінің сапалы құрамы кәсіби әлеуетті арттыруды талап етеді. 2022 – 2023 оқу жылындағы жағдай бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың 97407 педагогінің 68 %-ының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша бейінді білімі бар, оның 1,2 %-ының жоғары оқу орнынан кейінгі және 35,8 %-ының жоғары, 31 %-ының техникалық және кәсіптік білімі бар. Модельді іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдардың 15945 педагогі қамтылған біліктілікті арттыру курстарының 41 білім беру бағдарламасы әзірленді. Бірыңғай дидактикалық және әдістемелік материалдармен «Курс тыңдаушысының портфелі» ұсынылатын біліктілікті арттыру курстарын өткізу тәсілдері өзгертілді. 2023 жылдан бастап жыл сайын жүйелі курстармен курстан кейінгі сүйемелдеудің міндетті жаңа нысандарымен МТО педагогтерінің 34 %-ы қамтылатын болады.

Елімізде білім беру мекемелерінде басшылық лауазымдар үшін кадрларды қалыптастыру және даярлаудың тиімді тетіктері ғана қалыптасуда. Ел мектептерінде 1088 директор бос жұмыс орны бар. Үміткерлердің құлықсыздығы мен әлсіз дайындығына байланысты оларды іріктеу және лауазымға тағайындауда қиындықтар бар.

Әртүрлі елдерде мектептен тыс уақытта ұсынылатын қызметке сілтеме жасау үшін «қосымша білім беру», «формальды емес білім беру», «мектептен тыс білім беру», «бос уақыт бағдарламалары» және т.б. терминдер қолданылады.

Еуропаның барлық дерлік елдерінде мектептен тыс жұмыстың ең икемді және инновациялық түрлерінің бірі ретінде бейресми білім берудің саясаты белсенді дамуда.

Қазақстанда балалардың қосымша білім алуға деген көзқарасының сапасы отбасының мәдени капиталына тікелей байланысты, ата-ананың бала тәрбиесіне және бос уақытын тиімді өткізуге деген көзқарасымен қалыптасады. Сондықтан балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік тапсырысты орналастырумен қатар әртүрлі өзара іс-қимыл форматтары арқылы ата-аналардың балаларды қосымша білім беруге тартуға ынтасын арттыру және ақпараттандыру жұмыстарын жандандырып, мазмұны мен форматтары

балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажет.

Алдыңғы жылдары іске асырылған реформалар мен бастамалардың нәтижелері негізінде білім беруді дамытудың жаңа пайымы білім берудегі басым жүйелік проблемалардан және педагогикалық қоғамдастық проблемаларынан білім алушыға және оның қажеттіліктеріне қайта бағдарлау болып табылады.

Білім беру ұйымдарында адамның білімділік деңгейін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар өз өмірлік мүдделеріне, қазақстандық қоғамның мүдделерінде де шығармашылық әлеуетін серпінді әлеуметтік-экономикалық жағдайларда іске асыруға қабілетті, түлектің түйінді құзыреттеріне ие, адамгершілігі жоғары және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін атмосфераны қалыптастыру білім беру жүйесінің таяудағы жеті жылға арналған негізгі бағдарына айналуға тиіс.

2023 – 2029 жылдарға арналған білім беруді дамытудың жаңа траекториялары білім алушыға педагогикалық қолдау көрсету үлгісіне негізделетін болады, мұнда педагог оқу-тәрбие үдерісінің көмекшісі ретінде балаға әлемді өздігінен тануға, өз мүмкіндіктерін ашуға және жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып білім алуға мүмкіндік береді.

Осылайша, 2023 – 2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту траекториясы:

- тұратын жеріне және әлеуметтік мәртебесіне байланысты білім беру сапасындағы алшақтықтан сапалы білім алуға қолжетімділікті теңестіруге (мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталықтары, тірек мектеп, құзыреттілік орталықтары, "цифрлық педагог", жазғы мектеп, кадрларды ротациялау және басқа да тетіктер);

- сапалы білім беру инфрақұрылымының тапшылығынан заманауи санитариялық нормаларға, қауіпсіздікке, жарақтандыру стандарттарына сәйкес келетін объектілермен қамтамасыз етуге;

- педагог кадрлардың тапшылығынан педагог орны үшін бәсекелестікке (педагогикалық мамандықтарға түсу үшін үміткерлерге қойылатын талаптарды күшейту, жұмысқа конкурспен қабылдау, ісін жаңа бастаған педагогтерді сертификаттау және басқалар), педагогтің жоғары мәртебесін қамтамасыз етуге, тағайындау және аттестаттау арқылы білім берудегі сапалы менеджментке;

- оқытудың дәстүрлі бағдарламаларынан білім алушыларды болашаққа дайындауға (білім беру мазмұнының құндылық аспектісін өзектендіру, оқу бағдарламаларының жаһандық құзыреттіліктерді, эмоционалды зияткерлікті, сыни ойлауды, білім алушылардың кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылығы негіздерін қалыптастыруға бағытталуы; оқытуды бейіндік саралау және даралау, оқыту бағыттарын таңдаудың кең және икемді мүмкіндіктері арқылы);

- қазақстандық білімнің жергілікті фокусынан сыртқы нарықтарда қазақстандық білімнің және оның түлектерінің қажеттілігі мен бәсекеге

қабілеттілігін арттыруға (білім берудің жүйелілігін, сабақтастығын және үздіксіздігін қамтамасыз ету, инклюзивтілік, барлығы үшін сапалы білім беруге тең қолжетімділік);

- сыртқы бақылаудың қатаң әдістерінен білім беру сапасын жүйелі қамтамасыз етуге және білім беру саласындағы заңнаманың қолданыстағы нормаларын бұзушылықтардың алдын алуға және он жасаудың себептері мен шарттарын жоюға ұсынымдар беруге бағытталатын шараларға көшуді көздейтін болады.

## 5. ЭҚЖЖ бойынша кәсіптік қызметтің әрбір түрінің кәсіпорындарында ҰКС бойынша қызметтер мен кәсіптердің негізгі топтарының сипаттамасы және олардың білімі және жұмыс тәжірибесі бойынша тиісті біліктіліктер

Педагогтің міндетті қасиеті – білім алушының жеке басына жердегі ең жоғары құндылық ретінде көрінетін гуманизм.

Педагогтің сенімдері мен көзқарасы қазіргі әлемнің қарқынды өзгерістері мен сын-қатерлері жағдайында жасампаз болуға дайын сенімді азаматтарды тәрбиелеу болып табылады.

Педагогтердің кәсіби қызметке дайындығы педагогте жеке қасиеттер, кәсіби білім, дағдылар кешенінің болуымен байқалады. Педагогтің қызметін бағалау олардың қалыптасу деңгейін анықтайды.

Педагогтің қызметін бағалау нәтижелері басқару шешімдерін қабылдауда шешуші рөл атқарады. Білім беру ұйымдары деңгейінде бағалау нәтижелері кадр саясатын қалыптастыруға және педагогтердің кәсіби өсуі үшін жағдай жасауға көмектеседі, сондай-ақ білім беру ұйымдарын дамыту стратегиялары мен бағдарламаларын және педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесін әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Нормативтік актілер контекстінде педагог қызметін бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етуді реттеу мен бақылаудың маңызды құралдарының бірі болып табылады.

Білім деңгейіне және педагог жұмыс істейтін ұйымның түріне қарамастан, ол үздіксіз дамуды қажет ететін белгілі бір кәсіби құзыреттерге (4-кестені қараңыз) ие болуы тиіс.

4-кесте. Кәсіби құзыреттер шеңбері.

| Құзыреттер | Критерийлер | Индикаторлар |
|---|---|---|
| 1. Кәсіби құндылықтар<br>Өзінің кәсіби қызметін құрмет пен жауапкершілік, адалдық пен әділеттілік негізінде орындайды | 1.1 Педагог мамандығына адалдық | 1.1.1 Барлық білім алушылардың/ тәрбиеленушілердің білім беру мақсаттарына қол жеткізу қабілетіне сенімділік танытады; 1.1.2 Педагог мамандығына адалдығын көрсетеді; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1.1.3 Өз қызметінде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады. |
| | 1.2 Азаматтық | 1.2.1 Қазақстанның ұлттық және мәдени құндылықтарына адалдығын білдіреді;<br>1.2.2 Жаһандық мәдени және түрлі тілдерге құрмет көрсетеді;<br>1.2.3 Оқыту мен тәрбиелеу процесіне қазақ мәдениеті мен тілінің, Қазақстан халқының өзге мәдениеттері мен тілдерінің байлығын интеграциялайды;<br>1.2.4 Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу қағидаттарын ұстанады. |
| | 1.3. Кәсіби әдепті сақтау | 1.3.1 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке басына және олардың ата-аналарына//заңды өкілдеріне құрмет көрсетеді;<br>1.3.2 Кәсіби-әдеп нормаларын басшылыққа алады |
| | 1.4 Жауапкершілік | 1.4.1 Өзінің кәсіби деңгейін сақтауға және дамытуға жауапты;<br>1.4.2 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің академиялық жетістігі мен тәрбиесі үшін жауапкершілікті танытады;<br>1.4.3 Өз құзыреті шеңберінде білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;<br>1.4.4 Білім беру және тәрбие процесіне деген педагогикалық қоғамдастықтың жауапкершілігін сезінеді. |
| | 1.5 Белсенділік | 1.5.1 Өзгерістерге қатысты белсенділік танытады және білім беру мен тәрбие процесін жақсарту үшін инновацияларды енгізеді;<br>1.5.2 Білім алушыларды/тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеудегі тәуекелдерді басқарады;<br>1.5.3 Өзін-өзі реттеу, стресске төзімділік дағдыларын иемденеді. |

| | | |
|---|---|---|
